

«Ақмола **облысы** білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім
бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «ZEREK" бөбекжайы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ

Көкшетау қаласы, 2025 ж

Өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша қорытындының құрылымы мен мазмұны

1. **Білім беру мекемесінің толық атауы:** «Ақмола облысы білім басқарамасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің «Zerek» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Білім беру мекемесінің мекен- жайы:Қазақстан Республикасы,Ақмола облысы,Көкшетау қаласы Әуезова көшесі 119
 2. **Заңды тұлғаның байланыс деректері:**8(7162) 50 51 12; 50-50-46. Электрондық поштасы: zerek20@mail.ru; балабақшаның сайты: <http://zerek.aqmoedu.kz/> және истаграм парақшасы: [zerek20](#)
 3. **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Каппасова Аягөз Имангазиевна, Көкшетау қаласының білім бөлімінің 2019 жылғы 12 желтоқсан №389 бұйрығымен тағайындалған, байланыс телефоны: 87054293511.
 4. **Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама:** БСН 190940008480
 5. **Құқықтық құжаттар:** Тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама, «Ақмола облысы білім басқарамасының мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысы.Жарғысына Ақмола облысы әкімінің 2021 жылғы 05 қаңтардағы №А-1/3 қаулысымен өзгерістер енгізіліп, қайта бекітілген.
 6. **Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:** Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Көкшетау қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімімен 2019 жылғы 09 қыркүйекте берілген.Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 09.09.2019 жыл, БСН- 190940008480
- Рұқсат беруші құжаттар:**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2019 жылғы 09 қыркүйегінде қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы № Лицензия номері: №KZ81RVK00022891
7. хабарлама берілді.
 8. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, жұмыс уақыты сағат 08:00-ден 18:30-ге дейін. Барлығы он екі топ жинақталған: 12 топ мемлекеттік тілде. №1 «Күншуақ» мектепалды тобы, №2 «Балапан» ересек тобы, №3 «Құлыншақ» кіші тобы, №4 «Балбөбек» кіші тобы, №5 «Қошақан» ересек тобы, №6 «Қызғалдақ» ересек тобы, №7 «Ботақан» ересек тобы, №8 «Айгөлек» ересек тобы, №9 «Байтерек» мектепалды тобы, №10 «Таңшолпан» ортаңғы тобы, №11 «Әсемай» ортаңғы тобы, №12 «Еркежан» мектепалды тобы.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты:

-Балабақшадағы тәрбие – білім беру процесінің жай-күйі туралы объективті баға мен ақпарат алу.

-Балабақшадағы тәрбие – білім беру процесінің нақты жай-күйінің белгіленген жоспарлар мен міндеттерге сәйкестік дәрежесін белгілеу.

-Білім беру жұмысының сапасына теріс әсер ететін факторларды анықтау, оны жақсартудың әрі қарайғы стратегиясын анықтау.

Өзін-өзі бағалау міндеттері:

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

3) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

4) қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын қалыптастыру

«Zerek» бөбекжайы мектепке дейінгі білім беру ұйымы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиелік-білім беру қызметін жүзеге асырады.

«Zerek»бөбекжайы МКҚК оқу жоспарлары келесілер негізінде жасалған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 3 тамыздағы қаулысымен №348 бұйрығы №29031 тіркелген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының;

2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

Үлгілік оқу жоспарына өзгерістер енгізілді-ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 қазандағы № 556 "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" бұйрығымен.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы:

Материалды-техникалық базасы:

Ғимарат- 2 қабатты, типтік

Жалпы ауданы: 604,4ш.м.

Жылуберужүйесініңтүрі – орталықтандырылған.

Сумен жабдықтау – орталықтандырылған.

Канализация – орталықтандырылған.

Біздің ұжымның алдында – мектеп жасына дейінгі балалардың күнделікті өзгеретін өмірге тез бейімделуі мен толық дамуы үшін барлық қолайлы жағдай жасау міндеті қолға алынған. Орталықтан жылыту, су құбыры, кәріз, электр жарығы, бассейн жоқ. Аумақта 12 ойын алаңы және спорттық корт алаңы бар.

«Zerek» бөбекжайы кірпіштен салынған екі қабаттан тұрады, бөбекжайда мемлекеттік тілде тәрбие мен білім беретін он екі топ бар. Әр топта жататын, ойнайтын, қабылдау бөлмелері, жеке-жеке балаларға арналған 3 унитаз және 3 қол жуғыштары, қызметкерлерге бөлек гигиена кабинеті орналасқан. Бөбекжайдың бірінші қабатында меңгерушінің, медицина және қосымша емшара мен изоляция бөлмелері, әдістемелік, қабылдау кабинеті, асхана, ыдыс жуатын бөлме, қоймалар, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелер, екінші қабатта логопункт, музыка, спорт, хореография залы, сенсорика, STEM, робототехника, интерактивті құмжәшік, скаладром кабинеттері бар, әр қабата дәретхана орналасқан. Бөбекжай бойынша барлығы 65 бейне бақылаумен қамталған. Сыртқа периметр 11, іште 54 бейне бақылау бар, сыртқы 2 есікке домофон қойылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін кіру жолдары, пандус, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, тұтқалар, контрасты бояу, арнайы жабдықталған дәретхана бар. Балабақшада 12 топтық бөлме, меңгерушінің кабинеті, музыкалық-спорт залы, әдістемелік кабинет, психолог кабинеті, медициналық кабинет, ас блогының изоляторы, кір жуатын бөлме бар.

Жиһаздың, оқу, ойын және басқа жабдықтардың орналасуы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа толық сәйкес келеді және қауіпсіздік техникасы, санитарлық-гигиеналық нормалар, балалар физиологиясы, функционалдық жайлылық қағидаттарына сәйкес келеді, бұл балаларға өздерін топта еркін сезінуге мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны құрайтын заттарды белсенді пайдалану (ойыншықтар, макеттер, лего, рөлдік ойындарға арналған атрибуттар, эксперименттік бұрыштар және т.б.) балалардың бастамашылық деңгейін арттыруға, әртүрлі іс-шараларға жағдай жасауға, үй-жайларға тікелей, үй көрінісін беруге мүмкіндік береді. Әр топта ұлттық бұрыш, су және құм орталығы, театрландырылған іс-шаралар, спорт бұрышы бар. Үй-жайларды мұндай ұйымдастыру педагогикалық тұрғыдан орынды, жоғары мәдениетімен ерекшеленеді, жайлы көңіл-күй қалыптастырады, балалардың эмоционалды әл-ауқатына ықпал етеді.

Ұйымда балалармен сабақ жүргізу, қызметкерлер мен педагог-мамандардың жұмысы үшін заманауи ақпараттық – техникалық база құрылған:

Компьютерлер (меңгерушінің, қабылдау бөлмесінде, әдіскердің, медбикенің, бухгалтердің кабинеті, 12 топта және кеңес беру пункті – Интернетке шығу). Барлық топта теледидар интернет қосылған.

Электрондық пошта арқылы ұйымдармен байланыс және ақпарат алмасу.

Теледидар, проектор, тачпанель музыкалық сабақтарда балалармен сабақтар мен әңгімелерді ұйымдастыруға, экология, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортамен таныстыру, педагогикалық кеңестер жұмысында пайдалану, мұғалімдер мен ата-аналар үшін балалармен жұмыс фрагменттерінің бейне көрсетілімдерді ұйымдастыру

Ұйымда балалармен сабақ жүргізу, қызметкерлер мен педагог-мамандардың жұмысы үшін заманауи ақпараттық – техникалық база құрылған:

Материалдық - техникалық базаны жетілдіру міндеттерін шешу мұғалімдерге олардың білім беру жұмысында жақсы жағдай жасау, балаларды дамыту, ата-аналарды білім беру процесіне тарту үшін қажетті негіз болып табылады.

№	Жас топтары	Ұзақтығы /минут	Үйірме жұмыстары
2024-2025	Ортаңғы топ		«Құм жәшік»
	Ересек топ		«Stem» ғажайыптары «Интеллектум ойындары»
	Мектепалды топ	25-30 мин	1.«Бестемше» 2.«Скалодром» 3. Әріптер әлемі 4. Робототехника

II. Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу мынаны көрсетті, білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу балабақшада балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдылары, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени нормаларға баулу бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін бастапқы мүмкіндіктерді құруға бағытталған жұмыстардың іске асырылуын ұсынылған жылдық жоспарлардың орындалу нәтижесінен байқалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру мақсатында Бөбекжайымыз ІТ мектеп-лицейі және №3 көпсалалы гимназия мектептері және Орталық қалалық балалар және жасөспірімдер үлгілі кітапханасымен

сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету жұмыстары 2024-2025 оқу жылдары бойынша жылдық жоспарларда берілген.

ҚР оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылдың 1 шілдесінде №192 бұйрығы бойынша бөбекжай құзыреттілік орталық тізіміне кірді. Озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталығы, үздік педагогикалық практиканы тарату және бөлісу бойынша жұмыстар жалғасуда. Өсу нүктелерімен «Мерей», «Алтын бала», «Көктем», «Айша», «Арман», «Арай» жұмыстар айқындалып, жоспар бойынша атқарылды.

2024 жылдың 06 қараша айынан бастап Халықаралық «Бауырлас мектеп» жобасы құрамына кірдік. Жобада Түркия елінің Анталия қаласы Коньяалты балабақшасымен жұмысты бастадық. 2025 жылдың қаңтар, наурыз айларында онлайн кездесулер ұйымдастырылды. Жобаға жауапты педагогтер анықталып бекітілді. Халықаралық «Бауырлас мектеп» жобасы бойынша жоспар құрылып, тізім тағайындалды, Watsap желісі арқылы топ құрылып, ұлттық ойындармен бөлісіп жұмыстар атқарылуда.

Балабақшада психологиялық жұмыстар жыл бойы психологиялық дамуында кешеуілі бар балалармен жүйелі жүргізіледі. Педагог-психолог Альпеисова Г.А.-білімі жоғары, еңбек өтілі -5 жыл, осы мамандықта -5 жыл. Әр әртүрлі жастағы топтардың 2024-2025 оқу жылдарының перспективалық жоспарлары, түзету топ балалармен жүргізілетін жеке және топтық жұмыстың кестесі, психологтың кабинет жұмыс жоспары, жұмыс уақыт циклограммасы, әр жылдың есебі, ересек, мектепалды даярлық топтарымен өткізген мониторинг нәтижелері, түзету оқу жұмыс жоспарлары жинақталып ұсынылды.

Балалармен диагностикалық жұмыс

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін жаңа мектеп жағдайларына бейімделу процесі, ойыннан оқу іс - әрекетіне көшу, "мен оқушымын!"деу, өте қиын. Алғашқы кезде тіпті дайындалған балалар да қиындықтарға тап болады. Балаларға жаңа мектеп жағдайларына бейімделуге көмектесу үшін балабақша мектеппен бірге іс-шаралар, ата-аналарға арналған кеңестер, Мерекелер, жарыстар өткізеді. Балалардың мектепке дайындық ерекшеліктерін уақтылы анықтау ата-аналарға, тәрбиешілерге баланы мектепке баруға қалай жақсы дайындау керектігі туралы практикалық ұсыныстар беруге, дұрыс жеке көзқарас табуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта балабақшада танымдық процестердің даму деңгейін анықтауға, баланың мектепке дайындығына жан-жақты психологиялық-педагогикалық тексеру құрылды, ол әр баламен жеке жүргізіледі. Мектепке дайындық топтары балаларының психикалық дамуын жүйелі тексеру жылына екі рет: оқу жылының басында және соңында; Желтоқсанда – түзету жұмыстарын жүргізу қорытындылары бойынша аралық диагностика жүргізіледі. Сонымен қатар, ата-аналар мен тәрбиешілер үшін практикалық кеңестер мен кеңестер бар материал дайындалуда; балалардың эмоционалды-позитивті қатынастарды дамытуға, топтың микроклиматын жақсартуға, ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал ететін қарым-қатынасын диагностикалау жүргізілуде.

Қызметкерлермен және ата-аналармен консультативтік және диагностикалық жұмыс жүргізіледі: ата-аналар жиналыстары, сауалнамалар, тренингтер, әңгімелер, кеңес беру.

Қорытынды: оқу процесін психологиялық қолдаудың оң нәтижелерін қарастыруға болады: ата-аналардың, қызметкерлердің балабақша мен отбасының бірлескен қызметіне қызығушылығын арттыру, топ, балабақша өміріндегі белсенділікті арттыру;

мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде балабақша мен отбасының сенімді іскерлік қатынастарын, ынтымақтастығын және әріптестігін әзірлеу;

Балалардың мектепке дайындық деңгейін арттыру, коммуникативтік дағдыларды, балалардың әлеуметтік белсенділігін дамыту.

Балабақшаның тәрбиеленушілермен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістері мен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін перспективалық жоспарлар, циклограммалар 2021-2022 оқу жылдарының және аттестаттау алдындағы кезеңге желтоқсан айына толық берілді.

2024-2025 оқу жылының перспективалық жоспарлар жылдық көлемінде толығымен ұсынылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспары бойынша 2024 -2025 оқу жылының жоспары және есебі белсенді сілтеме арқылы бөбекжай сайтында ұсынылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жұмысының мақсаты мен міндеттері;

Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету. Танымдық, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Міндеттері: Балалардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу.

«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.

1 қыркүйек – «Білім күні» күніне орай «Балабақша - жайлы мекен» тақырыбында тақырыптық іс-әрекеттер ұйымдастырылып, түсінік берілді. Балалардың өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына деген сүйіспеншіліктерін оятты. Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналарға арналған кеңестер мен жиналыстар өткізілді. Балалардың үйдегі тәртібі мен дамуы туралы кері байланыс алынды. Отбасымен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды (қолөнер көрмесі, спорттық ойындар).

<https://www.instagram.com/reel/DGr6g-Doa4M/?igsh=NDM1anFyZnlneThl>

<https://www.instagram.com/reel/DGNy4I7oi0i/?igsh=MTR6c3F6cmlteWF6Zg==>

<https://www.instagram.com/reel/DGV4R8VoScB/?igsh=a3Q0eXA4czZkajdo>

https://www.instagram.com/reel/DGilVMeoW_d/?igsh=MWFpcXpyODk2YTlmY

w==

<https://www.instagram.com/reel/DG1QmlboAyN/?igsh=aHMybXAwdHRldjRw>

<https://www.instagram.com/reel/DG2md7Ruw6O/?igsh=MWx2aTVtYTMwenNoZQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DG8KEcJoi0H/?igsh=OXY3aDZrb2kxNmg2>

<https://www.instagram.com/reel/DG8FRbrovxp/?igsh=djEzOWl2YjFidXI0>

<https://www.instagram.com/reel/DHSWkTAIbW-/?igsh=MWI5Njl6cXZ3cj3ZQ==>

"Көрісу күні», «Әз Наурыз таңғы қарсы алу»"Бейбетшілік пен көктем мерекесі" қалалық кітапханамен сабақтастық "Қазақтың ұлттық әшекейлер" дәріптеу "Ұлттық киімдер" ұлттық киімді насихаттау №1,9 мектепалды топтары«Ұлттық әшекейлер» «Шаш өру» насихаттау №12,11 топтары "Қазақтың ұлттық ойындар" шеруі бөбекжай падогтері арасында ұйымдастырылды. "Бестемше" интеллектуалдық-зияткеркерлік ойыны қалалық деңгейде педагогтер арасында және облыстық деңгейде дене шынықтыру нұсқаушылары арасында ұйымдастырылды. "Әжем,анам және мен" бөбекжайішілік байқау ұйымдастырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» іс-шараға қатысты. "Наурыз- келді Жыл басы!" бөбекжайішілік ата-аналармен бірге өткізген ертеңгіліктер "Киелі кимешек" ұлттық бас киім, мәдениеті, құндылықтарды дәріптеу. Бөбекжайішілік мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Әжем, анам және мен» балабақша ішілік байқау ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DHTGnijIuVb/?igsh=a2loNDRzNm9iNWp3>

20.03.2025жСеминар. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларының арасында алғаш рет **«Аландағы бестемше»** ойынынан республикалық командалық жарысы **облыстық** деңгейі өткізілді. Берілген өтінімдері бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасынан 30 педагог қатысты. Жалпы 15 команда болды.

III. Балабақшадағы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаз жиынтығы (кереуеттер, үстелдер, орындықтар, шкафтар және т. б.) жеткілікті мөлшерде қамтылған.

Балалардың толыққанды физикалық дамуы үшін спорт залы, спорттық снарядтар (футбол, үрлемелі доптары, секіртпелер, шеңбер, массаж жолдары және т.б.) бар. Балабақша аумағында әр топ үшін жеке күркелер мен ойын алаңдары бар, сол арқылы негізгі қозғалыстардың дамуы үшін жағдай жасалған, бұл ұйымдастырылған оқу қызметі, серуендер кезінде денсаулық сақтау технологияларын қолданумен расталады.

Балалардың жеке және интеллектуалды дамуы үшін сюжеттік суреттері бар текшелер, математика текшелері, қуыршақ театры, түрлі пазлдар,

мамандықтар бойынша лото, текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, әртүрлі үстел үсті ойындарының жиынтығы бар. Әр топта ойын материалдары аймақ бойынша (дүкен, аурухана, шаштараз, ас үй, дәріхана) орналасқан.

Балалардың эмоционалды дамуы үшін музыкалық аспаптар жиынтығы және түрлі музыкалық және шулы ойыншықтар бар. Балабақшада музыкалық зал және дене шынықтыру залы біріктірілген. Онда музыкалық орталық, спорттық құрал – жабдықтар бар. Топтарда жабайы табиғаттың бұрыштары безендірілген, аквариумдар орнатылған, табиғатты бақылау стендтері безендірілген.

Балалардың танымдық дамуын қамтамасыз ету үшін бала бақшада: «Робототехника», «Интерактивті скалодром», «Интерактивті құм жәшігі», «Сенсорика», «STEM» заманауи кабинеттері, сонымен қатар интерактивті панель «Alleo» құрылғысы жұмыс жасайды. Инновациялық технологиялар балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылықпен еңбектенуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар біздің педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде, Воскобович, АКТ, ТРИЗ, Монтессори технологияларының элементтерін кеңінен қолданады. Бүгінгі күнде ұмыт болып жатқан асықтарды заманауи үлгіде пайдалану балалардың тәрбие мен білім алуға деген қызығушылықтарын арттырады. Балалармен тек тәрбиешілер ғана емес, информатика және дене тәрбиесі нұсқаушылары, музыка жетекшілері хореограф мамандары балалардың жан-жақты дамуына өз үлестерін қосып тәрбиелеу үстінде. Логопед маманы баланың сөйлеуін тұтастай дамыту, артикуляциялық моториканы дамыту, физикалық және сөйлеу есту қабілетін дамыту, сөздік қорын молайтуға үлес қосады. Әлеуметтік орта туралы көз қарастарын кеңейту үшін балабақша Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі және кітапханамен тығыз жұмыс жасалды.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін балабақшаның ресурстары мен жағдайларын талдау және бағалау болашақ дамудың келесі басым бағыттарын анықтады:

- Баланың эмоционалдық әл-ауқатының жағдайын оңтайландыру мақсатында Санпиннің талаптарын орындау;
- баланың толыққанды әлеуметтік даму ортасын құру;
- балалардың денсаулығын жақсарту және нығайту үшін тиімді жағдайлар жасау;
- барлық жас топтары, спорт және музыка залдары үшін ойын жабдықтарын толықтыру, бұл балалармен педагогикалық жұмыстың әртүрлі формаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

«ZEREK» бөбекжайы бес күндік жұмыс аптасы бойынша жұмыс істейді, демалыс күндері: сенбі, жексенбі және мереке күндері.

Ұйымның бұл жұмыс режимі ата-аналардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес негізгі компоненттің орындалуын қамтамасыз етеді, Денсаулық сақтау, коммуникативті-тілдік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларда жеке тұлғаны дамыту идеясын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Іргелес аумақтың учаскелері жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бекітілген, ҰІӨ және ауада дене шынықтыру ойын-сауықтарын өткізуге арналған жеке дене шынықтыру алаңы бар. Балалардың қозғалыс белсенділігін дамыту және учаскелерде спорттық ойындар өткізу үшін жеткілікті мөлшерде шығарылатын жабдықтар бар. Учаскелерде қоршаған әлемді тануды ұйымдастыру, балаларға экологиялық тәрбие мен білім беруді қамтамасыз етілген (гүлзарлар, бақша орналастырылған).

Осылайша, балабақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру бойынша топтарда бес дағдыны негізге ала отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының 3-тармағының талаптарына сәйкес заттық-дамытушы орта ұйымдастырылған.

IV.

Бөбекжайда 35 педагог жұмыс істейді. Олардың ішінде жоғары білімді- 62% (21 педагог),

оның ішінде жоғары мектепке дейінгі – 4% (12 педагог);

арнайы орта - 38% (13 педагог),

оның ішінде орта арнайы мектепке дейінгі – 32% (10 педагог).

Санаттар бойынша:

II санатты басқарушы – 3% (1 педагог)

Педагог-эксперт - 6% (2 педагог)

Педагог-модератор – 18 педагог - 51% оның ішінде 2 педагог қоса атқарушы.

Санатсыз 14 педагог - 44 %.

Жыл бойы қайта даярлау, біліктілікті арттыру курсынан 6 педагог өтті:
(Өрлеу)

✓ Рахмонбердиева Д.С., «Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» 21-01.11.2024ж;

✓ Сабиева Н.Ж., «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттіліктерін арттыру» 09-19.09.2024ж;

✓ Акантаева А.А., Алькенова З.А., Закирьянова Г.П., Калжанова М.К., тәрбиешілер «Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңестік ортасын ұйымдастыру» 03-14.03.2025ж;

✓ Калжанова М.К., тәрбиешілер «Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңестік ортасын ұйымдастыру» , 31.03-04.04.2025 ж;

✓ Логопед маманы Галимова Б.Х Инклюзивті білім беру «Сөйлеу бұзылыстарын кешенді түзетудегі логопедиялық массаж» 10-21.03.2025ж, 80 академиялық сағат көлемінде—біліктілік курсынан оқыды.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында қайта даярлау курсынан өткен педагогтер жоқ, біліктілікті арттыру курсынан 6 педагог өтті, 4 педагогте біліктілікті арттыру курстарының мерзімі аяқталуда, бірақ жаз айларында өту жоспарланып отыр (2021-2022 жылдарда өткен).

2024-2025 оқу жылдарының жетістіктері

р/с	Сайыстың аты	Жетістік түрі	Қатысушы	Байқаудың дәрежесі
2024-2025 оқу жылдары				
1	«Өнеріміз саған-Қазақстан!»	ІІІ орын	Балтабай Айзере	Қалалық
2	«Жас маман мен тәлімгер дуэті-2024»	Гран При	Сабиева Н.Ж Алеасқар Ж.Б	Қалалық
3	«Бестемше» ұлттық ойыны, дене/ш нұсқаушылары арасында	І орын	д/ш нұсқаушысы: Еркинов Ш.С.	Қалалық
4	«Мектепке дейінгі арналған үздік бағдарлама»	Номинация «Әмбебап даму бағдарламасы»	Ескараева Л.А	Қалалық
5	«Мектепке дейінгі арналған үздік бағдарлама»	Номинация «Зияткер даму бағдарламасы»	Курманғалиева Ф.К	Қалалық
6	Үздік психолог кабинеті	ІІІ орын	Алпеисова Гульзада Азаматовна	Қалалық
7	«Бес асық» ұлттық ойыны	ІІІ орын	Депу М	Қалалық
8	«Ханталапай»	ІІ орын	Кибатова Б.Ж Еркинов Ш.С	Қалалық
9	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала»	ІІ орын	7- топ тәрбиеленушісі Ерқанат Депу М	қалалық
10	«Бестемше» ұлттық ойыны педагогтер арасында	ІІІ орын	Депу М	қалалық
11	«Мен зерттеушімін»	Номинация	Капешова А.А	қалалық
12	«Мен зерттеушімін»	Номинация	Ескараева Л.А	қалалық
13	Үздік педагог-2025	3 орын	Ескараева Л.А	қалалық
14	Бестемше ұлттық ойыны МДҰ тәрбиеленушілері	І орын	1 топ тәрбиеленушісі Русланова Ақбота	қалалық
15	«Бестемше» ұлттық ойыны МДҰ тәрбиеленушілері арасында	Диплом	1 топ тәрбиеленушісі Русланова Ақбота	республикалық Астана қаласы
16	Біртұтас тәрбие жүйесінің шебері	Гран При	Зерек бөбекжайы	қалалық
17	BABYSKILLS өңірлік чемпионаты «Жаңа өріс» құзыреттілік орталығы ұйымдастыруымен	ІІ дәрежелі диплом Оралдыева Мелек	Депу Мөлдіргүл;	қалалық

	«Пластинография өнері»			
18	BABYSKILLS өңірлік чемпионаты «Жаңа өріс»кұзыреттілік орталығы ұйымдастыруымен «Сәндік қолданбалы өнер»	I дәрежелі дипломмен, «Бәйтерек» тобының тәрбиеленушісі Мұхтар Аяулым	Нұрсұлу Жақсыбекқызы Сабиева	қалалық
19	BABYSKILLS өңірлік чемпионаты «Жаңа өріс»кұзыреттілік орталығы ұйымдастыруымен «Бейнелеу өнері»	I дәрежелі дипломмен, «Бәйтерек» тобының тәрбиеленушісі Ерлан Линара, жетекшісі	Жумагуль Джуракуловна Искакова	қалалық
20	«Менің елім - менің бақытты балалық шағым»	II дәрежелі диплом «Еркежан» тобы тәрбиеленуші қыздары	Сергалиева Перизат Сырбаевна	қалалық
21	Қалалық білім беру ұйымдары арасында «СПАРТАКИАДА»			қалалық

2024-2025 оқу жылының жетістіктері бойынша: 19 түрлі қалалық байқауда, 2 өңірлік-республикалық байқауда бақ сыналды. 2 орын Бас жүлде, 4 орын I дәрежелі дипломмен, 3 орын II дәрежелі дипломмен, 4 орын III дәрежелі дипломмен, 4 номинацияға ие болды. Оның ішінде Петропавл қаласы (өңірлік) деңгейінде, 1 республикалық деңгейде жақсы нәтиже көрсеткені үшін дипломға ие болды.

2022-2023 оқу жылының жетістіктері бойынша 9 түрлі қалалық байқауға қатысып, оның ішінде 3 орын «Бас жүлде», 4 орын II дәрежелі жүлде, 1 номинация, 1 номинация болды. «Анам, әжем және мен», «Ханталапай» сайыстары облыстық деңгейге өтіп, «Анам, әжем және мен» байқауы 3 орынға ие болды. Республикалық деңгейде жетістіктер болған жоқ.

2023-2024 оқу жылының жетістіктері бойынша: 11 түрлі қалалық байқауда, 2 өңірлік-республикалық байқауда бақ сыналды. 3 орын I дәрежелі дипломмен, 3 орын II дәрежелі дипломмен, 3 орын III дәрежелі дипломмен, 1 номинацияға ие болды. Оның ішінде 3 облыс деңгейінде, 3 республикалық деңгейде I және III деңгейлі дәрежені көрсетті

V. Оқу жұмыс жоспары 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сай ұйымдастырылды.

Арнайы оқу қызметі бойынша: логопед маманы Галимова Б.Хжұмыс жасайды. Білімі жоғары, еңбек өтілі - 17 жыл. 2024-2025 оқу жылы бойынша әртүрлі жастағы балалармен жұмыс жасау жоспары, перспективалық жоспары, циклограммасы жинақтап берілді. Балалардың сөйлеу тілінің бұзылуын анықтап, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу. Тілдің грамматикалық құрылымын арттыра отырып сөздік қорларын молайту. Ойлау, есту, есте сақтау қабілетін дамыта отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға және өзін - өзі қадағалауға дағдыландыру. Дыбыстарды буында, сөзде дұрыс айтуға машықтандыру арқылы сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, бейнелі суреттер бойынша тілдің грамматикалық құрылымын дамыту. Сұрақты тыңдай білуге, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Дыбыстарды буында, сөздерде анық, таза айтуға үйрету. Зейінін, есте сақтау, елестету, фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуларын, мимикалық, сергіту сәттерінің дұрыс орындалуын қалыптастыру. Танымдық қабілеттерін арттыру. Ұсақ моторикасын жақсарту. Сөйлеу тілі бұзылған балаларды шығару, оларда сөйлеу дамуындағы кемістіктері жойылуына қарай оқу жылының кез келген мерзімінде жүзеге асырылады. Ата-аналарының келісімімен балалардың психофизикалық жағдайын нақтылау қажет болғанда, ПМПК-ға кеңес алуға жіберіледі. Жұмыс барысында ата-аналармен, тәрбиешілермен, психологпен тығыз байланыс жасалды.

Мониторинг нәтижелерін салыстыра отырып, білім беру көрсеткіштерінде аздаған айырмашылық бар екені байқалады. Бұл айырмашылық айтарлықтай үлкен емес, себебі оқу жылының екінші жартысында, ақпан-наурыз айларында балалар ауысып отырды. Жаңа келген балалардың бейімделу кезеңі, даму ерекшеліктері бұл көрсеткіштерге әсер етті. Соған қарамастан, балалардың жалпы білім деңгейі тұрақты даму үстінде деп бағалауға болады.

Жыл бойы ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасалынды кенестер, тапсырмалар беріліп отырылды.

VI. 2024-2025 оқу жылдарына және ағымдағы оқу жылына баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің, яғни тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері ұсынылды.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін әзірлеу және жүргізу кезінде баланың жеке даму жоспарлары (карталары) жасалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын мектеп жасына дейінгі балалардың меңгеруі бойынша мониторингтің нәтижелері бойынша бастапқы мониторингте 76,6 %, аралық мониторингте 80,6 %, қорытынды мониторингте 88,9 % үлгерімді көрсетті.

VII. 2024-2025 оқу жылына арналған бекітілген перспективалық жоспарлар бар. Перспективалық жоспар әрбір білім беру дағдылары бойынша сәйкес. Ұйымдастырылған іс - әрекеттердің тақырыптары көрсетілген. Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс –әрекеттері балабақша басшысымен бекітілген ұйымдастырылған іс –әрекеттерінің кестесімен сәйкес.

Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс ірекетін дамыту», «Танымдық және зияткерлік», «Әлеуметтік –эмоционалды» дағдылардың мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етіледі.

Тәрбиешілер тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, бақшаның бағытын ескере отырып, шығармашылық күзінеттілік танытады.

Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдыларымен өз бетінше үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмма құрылған. Циклограммада санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес ұйымдастырылған іс –әрекеттерінің міндеттері көрсетілген. Циклограммада әрбір ұйымдастырылған іс –әрекеттеріне ойын жоспарланған.

Циклограммада ұйымдастырылған іс –әрекеттерін жоспарлау барысында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алынып ойын ретінде яғни креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни тұрғыдан ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жұмыстарына бағытталған жұмыстары ұйымдастырылған іс –әрекеттерінде көрсетілген.

Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі.

Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарланған. Баланың жеке даму картасымен жұмыс жоспарланған. Перспективалық жоспармен циклограммадағы тақырыптар өзара үйлесімді және білім беру салалары өзара кіріктілген. «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс ірекетін дамыту», «Танымдық және зияткерлік», «Әлеуметтік –эмоционалды» дағдылары бойынша тәрбие мен оқытудың мазмұнытүрлі іс-әрекеттермен кіріктірілген.

VIII. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтің алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалады.

2024-2025 оқу жылының мониторинг нәтижелері туралы жиынтық есеп

Барлық балалар саны	Жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей
287	82– 29%	137 – 48%	68 - 23%
Бастапқы білім сапасы 77 – %			
289	115-39%	118– 41%	56 - 20%
Аралық білім сапасы 80 – %			

290	157- 54%	102– 35 %	31- 11 %
Қорытынды білім сапасы 89 – %			

IX. Топтардың жұмыстық оқу жоспарларындағы оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 № 7) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес орындалуда.

2024-2025 оқу жылында

- кіші топтарда «Балбөбек», «Құлыншақ»

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын
4	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын
5	Сурет салу	-	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	-	күн сайын
	Құрастыру	-	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын	күн сайын
7	Арнайы түзету іс-әрекеті	күн сайын	күн сайын

- **2024-2025 оқу жылында**

ортаңғы топтарда «Қошақан», "Таңшолпан", "Әсемай", ересек топтарда "Ботақан", "Айголек", «Балапан»

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын

8	Арнайы түзету іс-әрекеті*****	күн сайын	күн сайын
---	-------------------------------	-----------	-----------

мектепалды топтарда "Бәйтерек", "Еркежан", «Күншуақ»

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене тәрбиесі		3 сағат
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған әлеммен таныстыру		2 сағат
	Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
7	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

«Интерактивті құм жәшігі», «Stem» ғажайыптары, «Скалодром», «Хореография», «Бестемше», «Каратэ» үйірмелері жұмыс жасайды. Кестесі құрылып, бекітілді.

«Zerek» бөбекжайы» МКҚК

2024– 2025 оқу жылына арналған мектепалды топтарының іскерліктері мен дағдыларын дамыту бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері туралы *Жиынтық есеп*

	Топ атауы	Бала саны	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
№	Топ атаулары	Бала саны	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1	№ 1 «Күншуақ» мектепалды топ	25	8-32%	13- 52%	4-16%
2	№9«Байтерек» мектепалды топ	25	7- 28%	15 - 60%	3-12%
3	№12«Еркежан» мектепалды топ	22	7- 32%	11- 50%	4-18%
		72	Жоғары деңгей үлесі 31 %	Орташа деңгей 54%үлесі	Төмен деңгей үлесі 15 %

Бастапқы бақылау мониторингінің нәтижелерінің КӨРСЕТКІШТЕРІ
2024-2025 оқу жылы

Топтар	Бала саны	Жоғары	Орташа	Төмен
Кіші топтар	40	12	13	15
Ортаңғы топтар	75	14	40	21
Ересек топтары	100	37	46	17
Мектепалды топтар	72	20	38	14
Барлық топтардың бала саны	287	83	137	67

«Zerek» бөбекжайы» МКҚК

2024 – 2025 оқу жылына арналған балалардың іскерліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі бойынша **қорытынды** мониторинг нәтижелері туралы ***жиынтық есеп***

Қорытынды бақылау мониторингінің нәтижелерінің КӨРСЕТКІШТЕРІ
2024-2025 оқу жылы

Топтар	Бала саны	Жоғары	Орташа	Төмен
Кіші топтар	40	14	17	9
Ортаңғы топтар	75	32	31	12
Ересек топтары	100	59	35	6
Мектепалды топтар	75	51	19	5

Барлық топтардың бала саны	290	156	102	32
----------------------------	-----	-----	-----	----

The picture can't be displayed.

2024-2025 оқу жылының бақылау мониторингінің нәтижелерінің КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бақылаулар	Бала саны	Барлық топтардың жоғары деңгейлі балалар саны	Барлық топтардың орташа деңгейлі балалар саны	Барлық топтардың төмен деңгейлі балалар саны
Бастапқы бақылау	287	83	137	67
Аралық бақылау	289	115	118	56
Қорытынды бақылау	290	156	102	32

ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

- Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Көкшетау қаласы "Zerek "бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өзін-өзі аттестаттаудың

зерделенген материалдары негізінде ұжыммен мұқият және сапалы жұмыс жүргізілді.

2. "Zerek" бөбекжайы педагогикалық кадрлармен жасақталған. Кадрлар құрамы штат кестесіне сәйкес келеді. Педагог-мамандардың тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар. Тәрбиешілердің "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша білімі бар. Кәсіби біліктілікті арттыру курстарында жүйелі түрде жетілдіріп отырады.

3. Мектепке дейінгі ұйымға балалар "akmola.kz, электрондық бағыт негізінде "Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына" сәйкес және электрондық портал арқылы қабылданады

4. Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты немесе уақытша болуға қабылдау бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалған.

Педагог-психолог, педагог-логопед, топтардың тәрбиешілері жеке даму бағдарламалары негізінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүргізеді. Білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы қауіпсіз, психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз ете отырып, тәрбиені ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделеді.

- Оқу-әдістемелік жұмыс мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бекітілген.

- Жыл сайын бөбекжай "Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарының тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатты басшылыққа алады.

Бөбекжайда баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Пәндік - кеңістіктік даму ортасының мазмұны тәрбиеленушілердің мүдделеріне сәйкес келеді, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аудара отырып өзгереді.

Балалардың бағдарламалық материалды игеруін талдау оң нәтижелерді көрсетеді. Баланың құзыреттілігін дамыту деңгейі әр жас кезеңінде жүргізіледі және индикаторлар жүйесімен бақыланады.

Балабақшаны одан әрі дамыту перспективасы:

- Қазіргі заманғы сұраныстарға сәйкес заттық дамытушы ортасын толықтыруды жалғастыру;
- Тәрбиеленушілердің дағдыларының сапасын арттыру мақсатында білім беру процесіне инновациялық белсенді және интерактивті әдістер мен технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;
- Біліктілік деңгейі бар педагогтер санын көбейту: педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші;
- Қалалық, облыстық, республикалық деңгейлерде озық педагогикалық тәжірибені тарату; авторлық бағдарламаны қолға алу;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді қоғамға тиімді бейімдеу үшін ата анамен ынтымақтастықты кеңейту;
- Жас мамандарды бөбекжайға тарту үшін кадрлар даярлау бойынша педагогикалық колледждермен және жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар және білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырды.

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Көкшетау қаласының "Zerek "бөбекжай мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны" қызметінің жоғарыда баяндалған өзін-өзі бағалауы мектепке дейінгі ұйымның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын толық көлемде іске асыратынын көрсетті.

